

FTAMP 16.21.51

doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-123-132

**А. Балабеков** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.  
e-mail: aidarbalabek@gmail.com

## ҚЫЗЫЛ ТҮС АТАУЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада қызыл түс атауына ұғымдық-семантикалық талдау жасалды. Мақаланың мақсаты – қазақ мәдениетіндегі қызыл түстің концептілік мәнін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін лексикографиялық, концептуалды әдістермен талдау жасалды. Қызыл түсінің бояудан тыс метафизикалық ұғымдарды танытудың негізгі символы болатыны, тарихи оқиғалардың символдық таңбасы болатыны, поэтикалық, эстетикалық танымда жасарудың, қиындықтың, қызуқандылықтың, т.б құбылыстардың атрибуты болатыны анықталды. Қызыл сөзімен тіркесетін сөздердің талғанатыны және тіркесімділік қатары кең екені дәлелденді. Қызыл – қанық түстердің бірі болғандықтан, оған баяулық, әлсіздік, сабырлық тән емес, керісінше, шапшаңдық, күштілік, сабырсыздық, ашушандық, өткірлік қасиеттерін бейнелеуде белсенді жұмсалымда екені дәйектелді.

Қызыл түс – қауіп, толқу, құмарлық, күш, агрессия және кейде сәттілік ұғымдарын танытуда белсенді. Бұл эмоционалды ғана емес, сонымен қатар физиологиялық реакцияны жеткізуде кең қолданысқа ие деген сөз. Қызыл – қанық түс болғандықтан қоршаған ортаны таңғалдыратын қасиеті тілде де дәл сондай қызметте көрініс тапқан. Бұл қызыл сөзіне концептілік талдау нәтижесінде анықталды. Қызыл сөзінің лексикалық, терминдік, поэтикалық, этномәдени перифериялары анықталды. Сондай-ақ жалпыадамзаттық таным мен қазақтың танымындағы қызыл ұғымына қатысты пайымдаулар салыстырылды.

**Тірек сөздер:** түс атауы, концептілік талдау, концептілік құрылым, этномәдени периферия, жалпыадамзаттық таным.

**А. Балабеков**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана  
e-mail: aidarbalabek@gmail.com

## КОНЦЕПТУАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ НАИМЕНОВАНИЯ КРАСНОГО ЦВЕТА

**Аннотация.** В статье проведен понятийно-семантический анализ наименования красного цвета. Цель статьи – выявить концептуальное значение красного цвета в казахской культуре. Для достижения этой цели в статье был проведен анализ лексикографическими, концептуальными методами. Установлено, что красный цвет кроме окраски, является основным символом проявления метафизических понятий, исторических событий, является в поэтическом, эстетическом познании атрибутом омоложения, трудностей, вспыльчивости и др. Доказано, что слова, сочетающиеся со словом «красный», тщательно отбираются и обладают широким набором сочетаемости. Поскольку красный – один из самых насыщенных цветов, ему не присущи медлительность, слабость, сдержанность, напротив, было доказано, что он активно используется для изображения качеств быстроты, силы, нетерпения, гнева и резкости. Красный цвет активен в проявлении понятий опасности, волнения, страсти, силы, агрессии, а иногда и удачи. Это означает, что он имеет широкое применение в передаче не только эмоциональной, но и физиологической реакции. Поскольку красный – насыщенный цвет, то и его свойство удивлять окружающую среду отражается в языке таким же образом. Это было определено в результате концептуального анализа слова «красный». Определены лексическая, терминологическая, поэтическая, этнокультурная периферия слова «красный». Также были сопоставлены суждения, связанные с понятием «красный» в общечеловеческом и казахском познаний.

**Ключевые слова:** наименование цвета, концептуальный анализ, концептуальная структура, этнокультурная периферия, общечеловеческое познание.

**A. Balabekov**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana  
e-mail: aidarbalabek@gmail.com

## CONCEPTUAL SEMANTICS OF RED COLOR WORDS

**Abstract.** The article provides a conceptual and semantic analysis of the name of the red color. The purpose of the article is to identify the conceptual meaning of red color in Kazakh culture. To achieve this goal, the article was analyzed by lexicographic, conceptual methods. It is established that the red color, in addition to coloring, is the main symbol of the manifestation of metaphysical concepts, historical events, is in poetic, aesthetic cognition an attribute of rejuvenation, difficulty, hot temper, etc. It is proved that words combined with «red» are carefully selected and have a wide range of

compatibility. Since red is one of the most saturated colors, it is not characterized by slowness, weakness, calmness, but rather is actively used in depicting the qualities of dexterity, strength, equanimity, irritability, sharpness. Red color is active in the manifestation of the concepts of danger, excitement, passion, strength, aggression, and sometimes luck. This means that it has a wide application in the transmission of not only emotional, but also physiological reactions. Since red is a saturated color, its ability to surprise the environment is reflected in the language in the same way. This was determined as a result of a conceptual analysis of the word «red». The lexical, terminological, poetic, ethno-cultural periphery of the word «red» is defined. Judgments related to the concept of «red» in universal and Kazakh cognition were also compared.

**Keywords:** color name, conceptual analysis, conceptual structure, ethno-cultural periphery, universal cognition.

### **Кіріспе**

Түс атаулары – мағына танытушы, мағына түрлендіруші, сондай-ақ ұлттық мәдениетті танытушы, ұлттың концептуалды әлемін танытушы қызметтерді атқарады. Әрбір түс белгілі бір ұғымды ассоциациялайтыны баршамызға белгілі, бірақ олардың тілдің лексикалық қабатында тұрақталуының өзі түс атауларының концептуалды ғалам бейнесін жасаушы тетігінде екенін аңғара бермейміз. Кез келген ұлт мәдениетінде, тіпті кез келген тарихи оқиғаның өзі түспен стереотиптелген сәттер кездеседі. Себебі түс – адам танымындағы көру арқылы қабылданатын қасиет, сонымен бірге эстетикалық экспрессивтіліктің маңызды құралы. Адамның тануындағы ең белсенді көмекші – түстер. Түстердің арқасында қоршаған орта оңай қабылданады. Түр-түс адамның ойлауына, таным деңгейін жетілдіруге елеулі әсер етеді. Себебі түссіз әлем адамның эстетикалық танымынан бөлек, жалпы қарабайыр қабылдау қабілетіне де кедергі келтіреді.

Әлемдік лингвистикада түс атауларын түс поэтикасы (цветопоэтика), түс символикасы (цветосимволика), түс лексикасы (цветолексика), түс фразеологизмі (цветофразеологизм) деп қарастырады. Олардың әрқайсысы лексикалық қабатты толықтырушы бірліктер ретінде қабылданады. Демек, түс атауларын түс спектрі мағынасында ғана емес, адамтанымдық қабылдау, тану үдерісіндегі ассоциация, стереотип, символ бірлігі ретінде зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қазақ тіл білімінде түс атауларына қатысты зерттеулер жеткілікті және әрқайсысы құнды, бірақ түс атауларының концептуалдық мәні, яғни белгілі бір ұғымды танытуға негізделген мағыналары концептілік құрылым жүйесінде терең зерттелмеген екен. Ал әлемдік лингвистикада, әсіресе британдық және американдық мәдениеттердің туыстық байланысы лингвистикалық және мәдени ақиқат бейнелерінің арқасында танылған қызыл түсінің кейбір ұқсас концептуалды мағыналарын былайша топтастыруға болады: 1. Қызыл түс – «тоқтату белгісі» (мысалы, бағдаршам, «тоқта» жол белгісі). Бұл жағдайда қызыл түсін таңдауда психофизикалық әсердің басым екені анықталған. Сонымен, бұл түс көзге оңай байқалып қана қоймайды, сонымен қатар адамды сақтану, ұқыптылық құлқын ояту стратегиясына бейімдейді. 2. Христиандықтар үшін қызыл түс «күнә» (мысалы, біреудің қанын төгу, Шайтанды бейнелеу) және оның «күннің өтеу» (мысалы, Исаның қанын төгу) символы болып табылады. 3. Қызыл түс британдық және америкалық мәдениетте «ұлттық бірегейлік» ұғымымен тығыз байланысты. Бұл әсіресе Ұлыбританияға қатысты, өйткені оның көптеген рәміздері осы түске боялған (мысалы, екі қабатты автобус, телефон кабинасы). Сонымен қатар, қызыл – Union Jack (Ұлыбритания туы) және жұлдыздар мен жолақтардағы (АҚШ жалауындағы) негізгі түстердің бірі. Олардың дәстүрі бойынша қызыл түс «ерлік» пен «батылдықты» білдіреді. Бір қызығы, америкалық ағылшын тілінде қызыл түс тек мәдени сәйкестік қана емес, сонымен қатар басқа ұлтты анықтаудың сипаттамасы болып табылады, өйткені «қызыл» лексемасы «Американың жергілікті халқына» қатысты қорлау термині ретінде қолданылуы мүмкін. 4. Сондай-ақ, тарихи түрде қызыл түс коммунизмге, социализмге, атап айтқанда КСРО-ға қатысты бар барлық нәрселермен байланысты. Сөздіктерде бұл дерек көбінесе «мақұлдамау» (Collins Dictionary Online қараңыз) және «кемсіту» (Оксфорд онлайн сөздігі) белгілерімен танылады, себебі бұл танымдық стереотип «төңкеріс» пен «саяси радикалды» салыстырудан туындаған. Түстің осындай концептуалды мағына білдіруін зерттеу арқылы семасиологиялық жаңалықтарды, мағынаның кеңеюі мен тарылуындағы заңдылықтарды анықтай аламыз. Қазақ тілінде түс атаулары қалай зерттелгеніне де шолу жасалды.

### **Материал және әдістер**

Түс атауларын зерттеу ең алдымен лексикографиялық әдіс және жинақтау әдісін талап етеді. Себебі түс атауларының арнайы сөздігі жоқ. Сондықтан сөздіктерден түс атаулары

жинақталады және іріктеледі. Мәселен, «ақ» сөзімен тіркескен күрделі атаулар жинақталды. «Ақ» сөзімен біріккен атаулардың да делексикаланған түрлері зерттеу нысанына алынды. Екіншіден, лексика-семантикалық, тақырыптық топтарға жіктеу (дифференциациялау) әдісі қолданылды. Яғни түс атаулары түс мағынасына қарай, сындық, заттық мағынасына қарай, материалдық, рухани мағынасына қарай, функционалды қолданысына қарай ажыратылды. Үшіншіден, концептуалды әдіс қолданылды. Түс атаулары белгілі бір ұғымды танытушы концептілік құрылымның бір деталі не атрибуты ретінде қызмет етуі тұрғысынан талданды. Сондай-ақ жалпыадамзаттық танымда концептілік мазмұнға ие болған кейбір түс атауларының концептуалды жүйесі анықталды. Төртіншіден, түс атауларының қай ұлтта концептілік мәні басым екенін анықтау үшін статистикалық әдіс қолданылды. Яғни сөздік қорда сөзтудырушы және мағынатуырушы белсенді түс атауларының жиілігі анықталды. Бесіншіден, фракталды теория әдісі қолданылды. Түс лексикасының мағынасын нақты анықтауда фракталды алуан түрлілікті айқындау талап етіледі. Мәселен сөздік құрастырушылар белгілі бір түс атауымен тіркескен басқа ұғымды түс мағынасына, яғни денотат мағынасында қоя алмайды. Сондықтан әрбір түс тіркесімділігі бар сөздерді мағыналық тұрғыдан іріктеуде фракталды теория, яғни түс мәнін стратегиялы анықтау қажеттілігі туындайды.

### Әдебиетке шолу

Түр-түс атауларының семантикалық ерекшеліктерін алғаш зерттеген ғалым А.Кононовтың «Семантика цветообозначений в тюркских языках» еңбегі қазақ тіліндегі түс атауларының мәдени-семантикалық мәнін тануға негіз болды.

Одан кейінгі зерттеген ғалымның бірі – академик Ә.Қайдар. Ғалым табиғаттағы түр-түске, жер-су атаулары құрамындағы түстің мағыналық мәніне, төрт түліктің түстеріне қатысты атаулардың семантикалық және этнографиялық мәнін ашып берді. Ә.Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегіндегі мына тұжырымнан түр-түстің сындық мағынадан бөлек, атаулық, ұғымдық мағынаға ие болуының негізін көруге болады: «Егер табиғаттағы сан алуан түр-түстер мен реңктердің дүниеге келуі адамға қатысы жоқ объективті процесс болса, ал түр-түсті белгілі факторға айналдыру сол тілде сөйлеуші адамдардың тікелей өздеріне ғана байланысты. Сондықтан түр-түс құбылыстарын белгілі сөздер мен сөз тіркестері арқылы бейнелеу – әрбір тілдің өзіне ғана тән творчестволық процесс. Басқаша айтқанда, түр-түс әлемі табиғи объект ретінде барлық халықтарға және олардың тілдеріне ортақ әрі бейтарап, ал аталуы жағынан сол тілдердің өз ерекшеліктеріне, өзіндік сөз жасау модельдері мен мағыналық дамуына негізделеді. Осыған орай түр-түс атаулары әрбір тілдің өз топырағында танылып, өз жүйесінде зерттелуі қажет» (Қайдаров, Өмірбеков, Ахтамбердиева, 1986: 160).

Р.Лауланбекованың зерттеуі бойынша: «Қоңыр түс жанға жайлы жуастықтың белгісі ретінде ұғынылады. Қоңыр түсімен келген атаулар (қоңыр дауыс, қоңыр үн, қоңыр ән, қоңыр дала) халық танымында сабырлылықтың, қарапайымдылықтың символы ретінде әспеттеледі» (Лауланбекова, 2010: 129).

Т.Қоңыров: «Теңеулерде ақ түсті сұлулар қазақ ұғымына етене жақын нәрселерге ақ түсті аңдарға, ақ түсті құстарға, ақ түсті табиғат құбылыстарына, ақ түсті заттарға теңелген», – дейді. (Қоңыров, 2005: 510).

Ш.Сейітова көк сөзімен келетін түрлі жабайы және мәденилендірілген өсімдік, дақыл, ағаш, жеміс-жидек, гүл атаулары болатынын айта келіп, көк түске байланысты өсімдіктерді былайша жіктейді: «1. Көктің түс мағынасында сақталған тіркестері: көк сабақ болу, көк қасқа бетеге; 2. Жас, пісіп-жетілмеген, шикі мағынасын білдіретін тіркестер: көк сабан болу, көк сағал, көк балауса, көк шыбық; 3. Мал азығы, шөп мәнімен келетін тіркестер. Көкке тойды, көк майсадай, көк азық» (Сейітова, 1999: 103).

Түр түс атауларының функционалды-семантикалық өрісін зерттеген ғалым Л.Шанбаеваның тұжырымы бойынша: «Паралигматикалық қатынастар әртүрлі сөздерге ортақ мағыналық компоненттермен және көпмағыналы сөздердің лексика-семантикалық варианттарына ортақ компоненттің болуымен түсіндіріледі. Мысалы, түспен байланысты айтылатын шөп, көк, көгал, шалғын сөздері – бәріне ортақ семантикалық компоненттері бар сөздер» (Шанбаева, 2010: 123).

С.Аманжолов: ««Көк» заттың түсі, әрі аспан мағынасында қолданылады; «қара» заттың

түсі, әрі мал деген мағынасы бар; «қызыл» әрі заттың түсі, әрі қоғамдық топтың символы ретінде қолданылады» (Аманжолов, 2002: 368).

Түс атаулары кездесетін тұрақты тіркестерді зерттеген ғалымдардың бірі Ж.Қалымова: «Түс атаулы фразеологиялық бірліктердің көркем шығармадағы стилистикалық қолданыс жиілігі жоғары» деген тұжырым жасайды (Қалымова, 1992: 23).

Ш.Жарқынбекова: «Түр-түс атауларының жалпыадамзатқа ортақ және әртбір ұлттың танымына тән ерекшеліктері болады» дей келе, орыс және қазақ тілдеріндегі түс атауларын салыстыру арқылы ортақ және ерекше мәдени мәні бар нышандарды анықтайды (Жарқынбекова, 2004: 47).

Н.Аитова зерттеуінде: «Түс атаулары деп айдар тағып қарастырылғанымен, оның шын болмысы тұтас тілмен, тілдік жүйемен біртұтастықта ғана айқындалады, басқаша айтқанда, бүтін тілдің дербестене алатын бөлшегі емес, бүтіннің мүшеленуі ғана іспетті. Сондықтан оны адам табиғатымен, қоршаған әлеуметтік ортасымен, сана-сезімімен қабылдаған ритуалдарымен, мифопоэтикалық ойлауымен қарастыру қажет» делінеді (Аитова, 2005:136).

Ә.Марғұлан: «Көк түс көкке табынуды білдіреді, яғни аспанның символы, қызыл түс от пен күннің түсі ғана емес, символы да болса, ақ түс – тазалықтың, пәктіктің, бақыттың түсі, сары түс уайымды, адамның ақылын көрсетсе, қара түс – жерді, жасыл түс – көктем мен жастықты бейнелейді» (Марғұлан, 1982: 256).

Ә.Аққөзов: «Қазақ тілінде түр-түс атауларының жалпы саны 70-тен асады. Олардың 30-ы негізгілері де, 40-тан астамы туынды түрлеріне жатқызылады» (Аққөзов, 2004: 154).

Р.Садықова: «Ассоциациялық тұрғыдан белгілі бір заттың не құбылыстың түсін нақты көрсетіп, түр-түс атауын жасау үшін сол зат не құбылыс ұлттың мәдениетінде бар болуы тиіс немесе мәдениеттердің байланысы нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық шындыққа енген болуы қажет. Қазақ ұлттық мәдениетінде бар болғандықтан, қазақ тілін меңгерген адам бидай өңді, селеу түстес, екі беті алмадай қып-қызыл, күл тектес, сүттей жарық, қарақаттай көздері деген сипаттамаларды естігенде нақты бір ассоциация тудыра алады» (Садықова, 2012: 38-41).

Ж.Каскатаеваның пайымдауынша: «Түр-түс атаулары әрбір халықтың рухани, адами құндылықтары жөнінде кодталған ақпаратты құрайды. Түс коды адамның ежелгі архетиптік түсініктеріне сәйкес келетін, мәдени нормалар туралы ақпарат беретін, этностың дүниетанымдық «Әлем-Адам» концептуалдық тірегінің барлығын біріктіріп, толықтыратын, адам болмысын кодтайтын, сипаттайтын, бағалайтын құрылымдар» (Каскатаева, 2021: 138).

С.Айтқазы зерттеуі бойынша: «Түске қатысты қазақтың мифологиялық түсінігіндегі төрткүл дүниенің вертикальды моделі мынадай: ақ түс – Тәңірлер мекені, қызыл түс – ортаңғы әлем, жер беті, тіршілік ортасы, қара түс – төменгі әлем, су, жер асты, қараңғылық, төменгі дүние, зұлымдық ордасы, өлім, о дүние» (Айтқазы, 2011: 184).

Ғ.Хасанов, Г.Туленова зерттеуінде: «Ата-бабамыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп, әр бұрышқа өзіндік символикалық реңк-түс берген. Атап айтқанда, шығыс – көк, оңтүстік – қызыл, солтүстік – қара, батыс – ақ түс деген күн айналымына негізделген таным. Осындағы шығыстың символы – көк түсін киелі санаумен байланысты қазақ халқы шығысты да қасиетті санап, шығысқа қарап тілек тілеген, киіз үйдің есігін шығысқа қаратып ашқан. Бұның бәрі ұлы «Көк» аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан» (Хасанов, Туленова, 2014: 122).

С.Кенжеахметұлы: «Қызыл деген сөз бірнеше ұғымды анықтайды. Мысалы қызыл ет дегенді ұқтырады. Қызыл қырғын, қызыл сөз, қызыл жел, қызыл көз, қызыл қарын деген сөздер ретіне қарай қанды қырғын, көп сөз, ыстық жел, аяуды білмейтін адам, жас бала деген ұғымды анықтайды» (Кенжеахметұлы, 2009: 3).

Ф.Ахметжанова, Қ.Қайырбаеваның зерттеуі бойынша: «Әртүрлі түсті деген ұғымнан абстракцияланған ала ауыз немесе алтыбақан ала ауыз фразасында ынтымақ, бірлігі жоқ, пәтуасыз деген ұғымды білдіреді. Ала сөзінің кейбір этнографиялық мәні мына тұрақты тіркестерде қолданылады: ала жібін аттамау – қиянат жасамау; ала жіптерін кесісу – араздасу; ала аяқ қу – залым, сұм адам бейнесін береді» (Ахметжанова Ф., Қайырбаева, 2000: 88).

Қ.Сарекенованың зерттеуінде: «Фразеологизмдер құрамындағы түр-түстердің беретін мағынасы, білдіретін символы жағынан көк пен сары түстің арасында мағыналық байланыс

(табиғат құбылысында – талдың жапырағы) сақталады. Мысалы: көк өрім – жастар, сары жілік – қарттар» (Сарекенова, 2007: 126-130).

Б.Хасенов, А.Әділова қоңыр түсінің мағынасын былайша түсіндіреді: «Қой мәніндегі қоңыр сөзі кейіннен басқа мағыналардың туындауына ұйытқы болған. Қой малы көбіне масасы жоқ, желі бар жерлерде жайылғанды жақсы көреді. Өйткені жылқы, сиыр секілді масашыбыннан қорғанатын оның құйрығы жоқ. Сонымен қоса, қой малы тегістеу жерге жатпайды, олар төбенің, қырдың басында жатады. Осыған байланысты биік емес, аласа тауларды, жондарды, сол төбелердің басында өсетін өсімдікті қоңыр деп атаған» (Хасенов, Әділова, 2012: 5-10).

### Нәтижелер және талқылау

Соңғы онжылдықта тілдегі адамтанымдық зерттеулерге назар аудару арта түсті. Лексиканы концептуалдық әдіспен зерттеу лексикалық бірліктерді семантикалық талдау саласындағы зерттеулердің нәтижелі бағыты болып отыр. Түс атауларын когнитивтік аспектіде зерттеудің нәтижесі мынадай тұжырым жасауға негіз болды. Түсті қабылдау адамның физикалық және психикалық факторлармен сипатталатын және тілдік және тарихи процестермен басқарылатын элеуметтік аспектілерге тікелей тәуелді жүйе ретіндегі ерекшеліктерімен анықталады. Ол тілдік жүйедегі түр-түс атауларының функционалды-семантикалық қызметінің алуан түрлілігіне байланысты. Бұған әрбір түстің өзіндік символикалық, стереотиптік, ассоциациялық, мифотанымдық мәні ықпал еткені белгілі. Зерттеу нысанына қызыл түсті алатын болсақ, жалпыадамзаттық таным бойынша ол үш когнитивтік мағынаның басын біріктіледі. Олар: ОТ, ҚАН, КҮННІҢ БАТУЫ. Бұл үш ядролық мағына қызыл түсінің концептілік құрылымдарын біріктіреді. Яғни, қалған микромағыналар осы үш концептілік жүйенің құрылымын толықтырады. Қызыл түсінің ерекшелігі адамның эмоциялық жүйесін (физикалық қабылдау, физиологиялық күйлер, әртүрлі сыртқы және ішкі әсерлерге физиологиялық реакциялар, интеллектуалдық белсенділік, эмоциялар) білдіреді. Оны қазақ тіліндегі «қып-қызыл жігітсің» деп ер жігіттің намысы қайнап, жалындап тұрған жастық шағын сипаттауы бекер емес. Демек, қазақ халқы 20-25 жастағы ерлердің мінезін, асаулығын, қайтпас қайсарлығын осылайша қызылмен бейнелеуі эмоциялық қабылдаудың ықпалынан болған деп танымыз.

Қазақ тіліндегі «ҚЫЗЫЛ» түс атауына концептілік талдау жасайтын болсақ, ең алдымен, денотаттық мағыналарынан құралған, лексика-семантикалық периферияны қалыптастырып аламыз:

#### *Лексикалық периферия:*

Қызыл – бояу. Қырмызы, қан түстес, қызғылт, алқызыл түс палитрасының негізгі атауы

Қызыл – бидай. Қырмандағы қауызынан ажыратылған таза астық

Қызыл – қызыл көзі бар әшекей бұйымдары. Қыздардың сәндік үшін, ең бастысы – тіл-көзден сақтау үшін тағатын әшекейлері

Қызыл – малдың, аңның еті

Қызыл – қандала

Қызыл – жиһаз жасайтын бағалы ағаш

Қызылшы – аңшыға ілесіп жүретін қосшы

Байқағанымыздай, қызыл сөзінің лексикалық мағынасы бояу мен қан түсіне басымдық береді. Сондықтан осы мағына қызыл концептісінің ядросы болып саналады. Қызыл түс бірнеше салалық термин құрамында кездесе отырып, тақырыптық топ құрауға негіз болады.

#### *Терминдік периферия:*

1. Әскери термин «қызыл армия», «қызыл гвардия» (тарихи сөз) – 1918-22 жылдардағы КСРО қарулы күштерінің бірі ретінде сөздік қордан орын алды.

2. Саяси термин ретінде «Еңбек Қызыл Туы» ордені, «қызыл партия», «қызыл алаң», «қызыл империя», «қызыл керуен» (Көпшілік арасында саяси жұмыс жүргізу үшін арнайы жабдықталған жылжымалы күш-көлік; қазақтар арасында жүргізілген саяси науқан), «қызыл отау» (ауылды жерде, мал жайылымында мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін орын), «қызыл Ресей» ұғымдары коммунистік кезенді білдіреді. Жаратылыстану термині. «Қызыл кітап» – жойылуға жақын жануарлар мен өсімдіктерді тіркеу кітабы. Сол сияқты «қызыл топырақ», «инфрақызыл сәулелер», «қызыл сызық» (оқшаулау шегі) т.б.

Байқағанымыздай, «қызыл» концептісінің терминдік перифериясында екі семалық жүйе басымдық алады. Біріншісі, 1917 жылғы төңкерістен кейінгі идеология. Қанды қырғынмен келген коммунистік партияның символикасы. Яғни «қанмен келген бейбіт өмір» атрибуты ретінде – таңдалған қызыл түс (қызыл ту, қызыл галстук, қызыл төсбелгі) терминдік ұғымдарды таңбалауда белсенділікке ие болған. Екіншісі, қызыл – қауіп, өлім (леталдылық), жойылу мағынасын білдірудің деталі ретінде танылған. Мысалы «Қызыл кітапты» басқаша атауға да болар еді. Бірақ қызыл сөзінің мағынасында жалпыадамзаттық стереотиптік таным бойынша дабыл (SOS), қауіп ұғымы бар. Таңбалар жүйесінде барлық алғашқы көмек көліктерінде (өртсөндіргіш, жедел жәрдем, полиция) қызыл маяқты дабыл бар. Өртсөндіргіш құрылғылардың да жарығы қызыл. Яғни, қауіп төнгенде олар қызыл жарықпен белгі береді. Осы стереотиптік таным жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қауіп ретінде қабылдағанынан «Қызыл кітап» аталуына негіз болған. Сондай-ақ пандемия кезінде «қызыл аймақ», «қызыл сызық» терминдері қолданылды. Бұндағы қызыл – қауіп (аурудың жайылу жиілігі жоғары) деген таңбаны білдіреді. Терминдік қызметінен тыс экспрессивті, поэтикалық мазмұнда қызыл түс атауының қолданылуын бірнеше топтарға жіктеуге болады.

*Поэтикалық периферия.*

1. «Қызыл саясат» экспрессивті лексика. «Алаш азаматтары *Қызыл саясат* құрбаны болды» (Егемен Қазақстан, 13.05.2023). Қазақстанда коронавирус пандемия емес, қып-қызыл саясат болды (Азаттық радиосы, 08.09.2022).

2. «Қызыл диплом» – поэтикалық лексика. Қызыл диплом көрерменге жол тартты (<https://ontustiktiv.kz/>). Биылғы жылғы қызыл диплом алушыларға қойылатын талаптар қандай. GPA 3.67 ма немесе 3.5 жеткілікті ме? (<https://surak.baribar.kz/647781/>)

3. «Қызыл сөз» – поэтикалық лексика. Байлауы жоқ, жылтыр, құр әншейін бос сөз.

4. «Қызыл борбай» – поэтикалық лексика. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, өте жас.

5. «Қып-қызыл дау» – поэтикалық лексика. Қызу талас, дау-жанжал.

6. «Қызыл жел» – тұрақты тіркес, Аңыз, ыстық жел.

7. Қызыл итке бұйырсын – қарғыс.

8. Қызыл кеңірдек болу – тұрақты тіркес. Жанжалдасу, дауласу, керісу.

9. Қызыл қарын, бұты шыт – поэтикалық көне сөз. Отбасында елеусіз жүрген, бағып-қағуы кем ойын балалары туралы.

10. Қып-қызыл мас – экспрессивті лексика.

11. Қызыл оқ – экспрессивті лексика. Ескерту ретінде атылған оқ.

12. Қызыл тіл – тұрақты тіркес. Сөзге жүйрік, шешен, орамды тіл.

13. Қызыл шақа – тұрақты тіркес. Қып-қызыл әлі өсіп жетілмеген, жаңа туған.

14. Қызыл іңір – тұрақты тіркес. Ымырт түсіп, қас қарайған кез.

15. Қып-қызыл шығын – экспрессивті лексика. Шығыны көп, зияны көп.

16. Қызыл езу – көп сөйлейтін, мылжың.

17. Қызыл үй – қызы бар үй. Қатыны өлген қызыл үйге қарап жылайды (мақал).

18. Қызылбас – иран елі; парсылар.

19. Қызылдас – ойнап-күліп бір жүрген, құрбылас адам.

20. Қызылкөз – пәлеқор, жалақор.

Байқағанымыздай қызыл түс атауының бірнеше мағыналық қызметі бар.

Біріншіден, қызыл түс – қан түсін ассоциациялайды. Соның негізінде күрес, дау-жанжал, соғыс сияқты жағымсыз мазмұннан туындаған және сондай қиындықты символдау ұғымына дейін жеткен. Оған «қызыл саясат», «қып-қызыл дау», «қызыл кеңірдек болу», «қып-қызыл шығын» ұғымдары жатады.

Екіншіден, қызыл түс – КСРО коммунистік басқару жүйесін ассоциациялайды. «Қызыл әскер», «Қызыл гвардия», «Еңбек *Қызыл* Ту ордені», «Қызыл партия», «Қызыл алаң», «Қызыл империя», «Қызыл керуен», «Қызыл отау» ұғымдары Кеңестік (советизм) тарихи атауларына айналды.

Үшіншіден, қызыл түс – жас, балғын, жаңа туылған мағынасын ассоциациялайды. Бұлайша тануға ағзаның, терінің үлпілдеген көрінісі, терінің жұқалығынан қанның қызарып көрінуі, екі

бетінен ұсақ қантамырларының қызарып көрінуі ықпал етсе керек. Қызыл борбай, қызыл шақа, қызыл қарын осы мағынаны символдайтын тұрақты тіркестер.

Төртіншіден, қызыл түс – әсірелеу, айтылмақ ойды шегіне дейін ажарлап жеткізудің тиімді тәсілі. Мәселен, аптап ыстық желді сезініп, ыстықтың өткенін сезінгенін аптаптан да ыстық деп жеткізуде «қызыл жел» фразеологизмін қолданады. Сондай-ақ адамның мас күйін, яғни аяғынан тұра алмай, тілі күрмелген күйін қып-қызыл мас деген әсіре мағынасын жеткізуші лексикамен қолданады. Қызыл түсінің әсірелеу мағынасын білдіруде қызыл сөз, қызыл тіл т.б. тұрақты тіркестер қалыптасты.

*Этномәдени периферия:*

*Беттің қызылы.* Қатты ұялған адамның беті қызаруын ұяты бетіне шықты дейді.

*Шаңыраққа қызыл ту ілу* – жас өлім шыққан үй. Өлім шыққан үйдің сол жағына найза шаншып, қаралы ту (жалау) тігу арқылы аза тұтуға себепкер болған марқұмның қанша жаста екендігінен белгі береді: жас жігіт болса – туға байланған орамалдың түсі қызыл, орта жастағы адам болса – қара, қарт болса – ақ түсті болып келеді.

*Айдың қызыл толымы.* Бұл – Ай жүзінің қызарып, шарасынан барынша асқан кезі деген мағынаны білдіреді. Ал Айдың он алтыға қараған кезін Айдың қара толымы деген, Айдың қара толымы Ай жүзіндегі қызылдың бәсеңдеп, шарасына түсе бастады деген мағынаны аңғартады.

*Ақ пен қызылдың арасы* – күн ұясына кірген шақ, іңір қараңғысына дейінгі мезет. Байырғы қазақ дәстүрінде жел ұшық, жер ұшық, өкпемен қағу сияқты ем-домдарды ақ пен қызылдың арасында жасайды, іңір қараңғысына қалдырмайды. Сондай-ақ, тәуліктің бұл шағы да қасиетті саналғандықтан, қылыш жүзімен сертгесу, қасам ішіп, ант-су ішу, баталасу рәсімдері ақ пен қызылдың арасында жасалады деседі.

*Белінің күші, бетінің қызылы бар.* Бойда қуат, бетте әр бар, өтімі бар шақ деген мағынада. Бұлай қазақ халқы ғана айтады. Мұндағы қызыл – ағзадағы қан айналысының дұрыс, қалыпты қозғалуы. Егер қан қоюланса немесе қаназдық болса, адамның қуаты әлсірейді. Көп еңбектенген, үздіксіз әрекет ететін адамның беті қызарып жүруі сияқты медициналық белгілер мақал-мәтелдерден көрініс табуы ұлттық аялық білімін көрсетеді. Демек, халықтың танымында медициналық білім бар екенін концептілік талдау жасау арқылы анықтай аламыз.

*Қызыл жабу.* Сыздауық, безгек сияқты адам ауруларына және тентек, айналма секілді мал ауруларына қарсы, жәндіктердің уын қайтару үшін бәдік айтылған. Қырғыз, қарақалпақ халықтары ауырған адамның үстіне қызыл, өзбектер ақ мата жауып бәдік айтқан. Мұндай мата жабу жоралғысы қазақта да бар:

*Не болды бұл бәдікке жасыл жауып,*

*Біреуін біреуінен асық жауып.*

*Не болды бұл бәдікке қызыл жауып,*

*Біреуін біреуінен ұзын жауып.*

Қызыл мата жабу жоралғысының түпкі сыры еліктеу магиясынан туған. Халық түсінігінде қызыл мата денені басып кеткен жараға ұқсатылған. Яғни, қауіпті ауру екенін, жұғып кетпеуі үшін дабыл ретінде қызыл түсті пайдаланған.

*Қызыл қамысқа қызыл мата байлау.* Қызыл қамыспен бет ашу Сыр бойын мекендейтін диқаншылықпен шұғылданатын қазақ арасында ғана кездеседі. Жаулықтың ұшына байланған қызыл мата, қамыс бөтен рудан келген жас келінді табалдырығын аттағалы тұрған жаңа әулетпен, осы жұрттың ие-киелерімен қауыштырушы дәнекер қызметін атқаруы ықтимал. Қызыл түсті мата қанның, яғни қайнаған тіршіліктің символы іспеттес. Неке салтында орындалатын рәсімдерде екі ру «қанымызға қанымыз, жанымызға жанымыз» қосылды деп, бауыздау құда рәсімін жасасып, құдалар қолдарының ұшын қанға батырып баталасатыны белгілі. Демек, қызыл мата және қанмен байланысты аталмыш рәсімдер келін тіршіліктің жаңа кеңістігіне енетіндігін және оның әйел ретінде ұрпақ өрбітетіндігін символдық тілмен жеткізгендігі болса керек.

*Қызыл жіп байлау.* 13-14 жаста, яғни, бой өсер шақта жеткіншектің қолтығының, омырауының, шатының бездерінің шошынуы сияқты физиологиялық ерекшелік болады. Бұл жыныстық белгілерінің дамып жетілуінің белгісі. Осы жастағы ер баланың қол-аяғының сүйегі

сырқыраса, бойы өсіп жатыр деп қызыл жіп байлап қоятын салт болған.

*Қызыл тарлан, қан тарлан.* Құсбегілердің айтуынша, бүркіт құйрығының ортасындағы шыбықтың екі жақ ақ елпінде аздаған шашыранды келген қара ноқат белгілері болса, оны «қара тарлан, жай тарлан» деп одан «сүрімді қыран шықпайды» деп есептейді. Егер құйрықтың елпіндегі шашыранды ноқаттары қызғылтым реңді болып біткен болса, онда «нағыз қызыл тарлан, қан тарлан» деп атап, қыран сынына көңіл толғандық білдіреді. Бұған байланысты «тарлан салған тарықпас» деген сөз де бар. Демек, кейбір жануарлардың айбат шегуі, жыртқыштануы көзінің қызаруымен өлшенсе, бүркіттің қырандығы қауырсынының қызаруымен танылады екен.

*Қызыл жаулық.* Қазақ мәдениетінде күйеуін жоқтаған әйел басына қара жаулық, әкесін жоқтаған қыз қызыл жаулық, баласын жоқтаған ана ақ жаулық салған екен.

*Қан көрсетсең қызыл көбейеді.* Қырман қандау жоралғысында айтылатын сөз. Оңтүстік өңірде көп жасалатын жоралғының бірі – қырман қандау. Егін иесі астық үйіндісінің жанында Құдай жолы деп Дикан бабаға арнап мал сойып, құрбандық қанымен өзінің астығы мен қырманын қандайды. Құрбандық малдың етін егіс басында қазанға асқан, етті қазаннан кетпенмен тартып шығарған. Егіншілерде «қан көрсетсең қызыл көбейеді» деген сенім болған.

*Қызылсырау.* Қазақ жаз кезінде организмнің етке деген сұранысын қызылсырау деп, көршілер болып бір мал (қой) сойып, етке тоюды тұяқ жібіту деп атаған.

*«Қызылдан – аққа» көшу.* Наурызда соғымның қалған-құтқаны көжемен, сыбағамен бітеді, халық жаппай «қызылдан – аққа», яғни сүтті тағамдарға (айран, қымыз, құрт, ірімшік т.б.) көшеді. Сөйтіп, көшпелінің қыс бойы ауыр етті тағамдарды жеген асқазаны «демалып», организміндегі ет тағамдарынан жинақталған қышқылдық ақ тағам арқылы ыдыратылып, асқазан жұмысын жеңілдетеді.

*Қызыл көтеру.* Тұрмысы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасында ірі қара малдың шығыны болғанда ауыл адамдарының тарапынан көп болып көрсетілген көмектің атауы.

*Қызыл қозы* – дәстүрлі ортада жалға адам алғанда немесе қарыз, несие алғанда есеп айрысуда жүретін малдың өсім орнына бағаланатын туылмаған төлінің атауы.

*Қызылмай болып кету* – зорығу. Пайдалану барысында жылқыны немесе түйені қинап зорықтырудан болатын ауру.

*Қызылтабан болу* – жаздың ыстық күнінде аңға салынған тазының зорығуы.

*Қызыл жұмыртқа* – көктемнің соңғы айында байқалатын ауа райының ең қолайсыз кезі. Күннің күрт салқындап кетуін ұя басқан үйрек пен қаздың балапан өргізуіне байланысты деп санайды.

Байқағанымыздай, әрбір ұлттың танымдық қабілеті ғылыми ақпараттан да асып түсіп жатады. Этномәдени перифериядағы ақпараттар өзге ұлттың мәдениетінде жоқ таныммен ерекшеленеді.

Тілдегі қызыл түс концептуализациясының негізгі эмбебаптары кеңістіктік бейнелер болып табылады. Бұл іргелі категория тілдегі қызыл түсінің мағынасының бірегей негізін білдіреді. Қызыл түс атауының семантикасы дүниенің тарихи моделінің негізінде жатқан идеялардың дуалистік сипатымен анықталатын идеялық категория ретінде тілде көрініс тапқаны анықталды. Қызыл түстің бағалаушылық қызметі бар. Бұл оның семантикасындағы аффектілі бағалаудың «қалыпты / әсіре» перифериялық мағыналарынан көрініс табады.

«Қызыл» ұғымының концептілік орталығы «рухани өмір» және «өлім» аймақтарымен шектесетін «жердегі тіршіліктің» қызба қайнаған бейнесін сипаттайды. Одан тарайтын мағыналық-ұйымдастырушы периферияларда фреймдік танымдар түрлене бастайды. Қызыл концептілік жүйесінде жиырмадан аса концептуалды белгілер анықталды, оның көп бөлігі оң бағалаушы мәні бар өмірдің орталық құндылықтарын көрсетеді. Қызыл ұғымының жағымсыз мағынадағы белгілері теріс бағамен өлшенген идеяларды қабылдауға қабілетті «зұлымдық» концептуалды белгісін анықтауға қызмет етеді.

Тұтастай алғанда, қызыл түс қазақ тіліндегі эмбебап танымдық белгі деп танылды. Бұлай тұжырымдау ана тілінде сөйлейтіндердің нақты, психофизикалық тәжірибесі және перифериялық ерекшеліктердің толық дерлік сәйкестік аймақтары арқылы алдын ала анықталған



ядролық концептуалды белгілер категориясының толық сәйкес келуіне байланысты деген қорытынды жасау керек.

Позитивті бағалау мәні бар өмірдің орталық құндылықтарын анықтайтын қазақ тіліндегі қызыл түс атауының тұжырымдамалық белгілері өзге тілдерге қарағанда концептуалдық мәнімен артығырақ. Бұл психофизикалық, лингвомәдени, лексикографиялық концептуалды білімдер негізінде жиналған қызыл түс атауына қатысты семаларды іріктеу кезінде анықталды.

Түстер мен эмоциялар арасында байланыс бар: түс атаулары адамның тәжірибесі мен эмоционалдық күйлерін сөзбен жеткізу үшін қолданылады, яғни құндылықтарды тасымалдайды, нақты деректі ақпараттан бейдеректі ұғым құрайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша қызыл түс ерлікті, қайнаған өмір мен қыршын өлімді, өрт, соғыс, қуат, агрессия, қауіп, революция, импульс, эмоция, құмарлық, махаббат, қуаныш, көңіл-күй, өміршендік, денсаулық, физикалық күш пен жастық ұғымдарын танытады.

### **Қорытынды**

Қызылдың жалпыадамзаттық таным бойынша күннің негізгі түстерінің бірі ретінде танылуы басымдыққа ие. Қызыл түс – жалпыадамзатқа ортақ ұғым. Сондықтан бұл түс туралы әрбір адамзаттың, әрбір ұлттық танымында ерекшелік болуы заңды. Біз жұмысымызда қызыл түсіне қатысты ортақ мағыналарды және қазақ танымына тән мағыналарды талдадық. Талдау қорытындысы бойынша, біріншіден түс атаулары да концептуалдық ұғым ретінде анықталады. Яғни әрбір түстің бойында тек бояу мағынасы ғана емес, бірнеше ұғымды танытушы концептілік қызметі бар екені дәлелденді. Соның ішінде қызыл түс – қанық түстердің бірі ретінде ОТ (күннің батуы мен шығуы, жалын, шок), одан тарайтын ӨМІР (қызба тіршілік, әрлі-берлі қозғалыс, қанайналым), одан тарайтын ЖАСТЫҚ (қайсарлық, қызба мінез, ашушаңдық, қаны қараю), одан тарайтын КҮШ (қуат, ұмтылыс, жеңіс), одан тарайтын СОҒЫС (қанды қырғын, төңкеріс) ассоциацияларын байқадық. Бұлай талдау әлемдік лингвистикада кеңінен қарастырылған екен. Дегенмен, қызыл түсінің осы жалпыадамзаттық концептілік мәнінен алыстамай отырып, қазақ танымындағы қызыл түсінің ұғымдық-семантикалық құрылымын жасадық. Қызыл концептісін талдау барысында лексикографиялық қолданысына қарай лексикалық, терминдік, поэтикалық, этномәдени перифериялары анықталды. Соның ішінде қызыл – бояу, түс семантикасы арқылы бірнеше атауларға негіз болғанын аңғардық. Мәселен, қандала, яғни қансорғыш жәндіктің екінші атауы ретінде танылуы. Сондай-ақ бидайдың шала піскен кезіндегі түсіне қарай қызыл деп аталуы. Қыздардың әшекей бұйым атауы ретінде танылуы. Бағалы жиһаздардың негізгі жабдығы – ағаштың екінші атауы халық танымындағы қызыл түстің белсенділігін көруге болады. Осы орайда таным деталі ретінде жиі таңдалатын сөздің көпмағыналық, омонимдік қатары да арта беретіні белгілі болды.

Қазақ мәдениетінде қызыл түсіне қатысты ырым-тғымдар, жосын-жоралғылардың басымдығы – тіл-көзден сақтау, ауру мен бәле-жаланы алдын ала хабарлау, қыршын өлімді танытуда таңбалық қызмет атқаратыны анықталды.

### **Әдебиеттер**

- Аитова Н. (2005) Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 136 б.
- Айтқазы С. (2011) Түр-түс концептісінің лингвомәдени табиғаты: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2011. – 184 б.
- Ақкөзова А. (2004) Сапалық сын есімдердің семантикасы. – Алматы, 2004. – 154 б.
- Аманжолов С. (2002) Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002. – 368 б.
- Ахметжанова Ф., Қайырбаева Қ. (2000) Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. – Өскемен, 2000. – 88 б.
- Жарқынбекова Ш. (2024) Языковая концептуализация цвета в культуре и языках: автореф. дис. ... док. филол. наук. – Алматы, 2004. – 47 с.
- Каскатаева Ж. (2021) Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер: филол. ғылым. канд. ... дис. – Қарағанды, 2021. – 138 б.
- Кенжеахметұлы С. (2009) Түр, түс туралы ұғым // Игілік журналы – Алматы, 2009. №3 (41) наурыз – 3 б.
- Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. (1986) Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1986. – 160 б.
- Қалымова Ж. (1992) Фразеологизмы с компонентами цветообозначения в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1992. – 23 б.

- Қоңыров Т. (2005) Теңеулер табиғаты. – Алматы: Алаш, 2005. – 510 б.
- Лауланбекова Р. (2010) Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 129 б.
- Марғұлан Ә. (1982) Казахское народное прикладное искусство. – Алматы, 1982. – Т1. – 256 с.
- Садықова Р. (2012) Түр-түс концептісінде қазақ халқы мәдениетінің көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2012. – №3 (41). – бб. 38-41.
- Сарекенова Қ. (2007) Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында келетін түр-түс атауларының концептілері // Е.Букетов атындағы ҚарМУ Хабаршысы. – Қарағанды, 2007. – №4 (48). – бб. 126-130.
- Сейітова Ш. (1999) Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 1999. – 103 б.
- Хасанов Ғ., Туленова Г. (2014) Түр-түске қатысты күрделі атаулардағы ұлттық дүниетаным көрінісі // М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы. – Орал, 2014. – 122 б.
- Хасенов Б., Әділова А. (2012) Түр-түс атауларының шығуы туралы // Е.Букетов атындағы ҚарМУ Хабаршысы. – Қарағанды, 2012. – №4 (68) – бб. 5-10.
- Шанбаева Л. (2010) Функционалды-семантикалық өріс (түр мен түс материалдары негізінде): филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 123 б.

### References

- Aitkazy S. (2011) Tur-tus konceptisinin lingvomadeni tabigaty: filol. gylım. kand. ... dis. [Linguocultural nature of the concept of type and color: philol. science. kand. ... dis. – Almaty. – 184 p.] (in Kazakh)
- Aitova N. (2005) Qazaq tilindegi tur-tus ataylarynyn kognitivtik semantikasy: filol. gylım. kand. ... dis. [Cognitive semantics of color names in the Kazakh language: philol. science. kand. ... dis.]. – Almaty. – 136 p. (in Kazakh)
- Akhmetzhanova F., Qairbayeva K. (2000) Tur-tuske bailanysty turaqty soz tirkesteri [Stable phrases related to color. Ust-Kamenogorsk. – 88 p.] (in Kazakh)
- Akkozova A. (2004). Sapalyq syn esimderdin semantikasy [Semantics of qualitative adjectives. – Almaty. – 154 p.] (in Kazakh)
- Amanzholov S. (2002) Qazaq tili teoriasynyn negizderi [Fundamentals of The Theory of the Kazakh language. – Almaty. – 368 p.] (in Kazakh)
- Hasanov G., Tulenova G. (2014) Tur-tuske qatysty kurdeli ataylardagy ulttyq dunietanym korinisi. M.Otemisuly atyndagy Batys Qazaqstan memlekettik yniwersiteti Habarshysy [Reflection of the National worldview in complex names related to color. Bulletin of the Utemisov West Kazakhstan state university. – Uralsk. – 122 p.] (in Kazakh)
- Qaidarov A., Omirbekov B., Akhtamberdiyeva Z. (1986) Syrga toly tur men tus. [Type and color meaning. – Almaty. – 160 p.] (in Kazakh)
- Kalymova Zh. (1992) Frazеologizmy s komponentami tsvetoooboznacheniya v kazahskom iazyke: avtoref. dis. ... kand. filol. nayk. [Phraseology with the components of color reproduction in the Kazakh language. – Almaty. – 23 p.] (in Russian)
- Kaskatayeva Zh. (2021) Tur-tus ataylarynyn leksika-semantikalyq orisindegi ortaқ jane ulttyk ereksheликter: filol. gylım. kand. ... dis. [Common and National features in the lexico-semantic field of species and color names: philol. science. kand. ... dis. – Karaganda. – 138 p.] (in Kazakh)
- Kenzheakhmetuly S. (2009) Tur, tus tyraly ugym. Igiliк zhyrnaly [Species, the concept of color. Igiliк journal. – Almaty. – No. 3 (41), March. – 3 p.] (in Kazakh)
- Khasenov B., Adilova A. (2012) Tur-tus ataylarynyn shygyy tyraly. E.Buketov atyndagy KarMU Habarshysy [About the origin of color names. Bulletin of E. Buketov KarMU. – Karaganda. – №4 (68). – 5-10 p.] (in Kazakh)
- Konyrov T. (2005) Teneyler tabigaty [The nature of comparisons. – Almaty: Alash. – 510 p.] (in Kazakh)
- Laulanbekova R. (2010) Tur-tus komponentti kurdeli atalymdardyn tanymdyq sipaty: filol. gylım. kand. ... dis. [Cognitive character of complex names with a color component: philol. science. kand. ... dis.]. – Almaty. – 129 p. (in Kazakh)
- Margulan A. (1982) Kazahskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo [Kazakh people's practical research. – Almaty: Oner – T1. – 256 p.] (in Russian)
- Sadykova R. (2012) Tur-tus konceptisinde qazaq halqy madenietinin korinisi [Reflection of the culture of the Kazakh people in the concept of color. – Bulletin of Abai KazNPU. – Almaty. №3 (41). – P. 38-41.] (in Kazakh)
- Sarekenova K. (2007) Qazaq tilindegi frazeologizmderdin quramynda keletin tur-tus ataylarynyn konceptileri. – E.Buketov atyndagy KarMU Habarshysy. [Concepts of color names in the composition of phraseology in the Kazakh language. Bulletin of E. Buketov KarMU]. – Karaganda. – №4 (48). – P. 126-130 (in Kazakh)
- Seitova Sh. (1999) Osimdikke bailanysty turaqty tirkesterdin etnolingvistikalыq sipaty. [Ethnolinguistic character of stable plant-related phrases. – Almaty. – 103 p.] (in Kazakh)
- Shanbayeva L. (2010) Fynkcionaldy-semantikalyq oris (tur men tus materialdary negizinde) [Functional-semantic field (based on the material of type and color): philol. science. kand. ... dis.]. – Almaty. – 123 p. (in Kazakh)
- Zharkynbekova Sh. (2004) Iazykovaa konceptyalizacia tsveta v kyl'tyre i iazykah [Language conceptualization of colors in culture and languages: abst. philol. science. dok. ... dis. – Almaty. – 47 p. (in Russian)